

XVI-XVII ғғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ МЕН РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Керимов Б.К.

В статье рассматривается становление и развитие дипломатических отношений между Россией и Казахским ханством в XVI-XVII вв. и их влияние на политическую и экономическую обстановку в регионе.

The article tells about formation and development of diplomatic relations between Russia and Kazakh khans in XVI-XVII centuries and its influence on political and economical situation in this area.

Қазақстан мен Ресей арасындағы саяси және дипломатиялық байланыстар қазақ-орыс қатынастарының негізгі формасы болды. Дипломатиялық қатынастар бірде биікке шарықтаса, бірде төменге құлдырап отырды.

Орыс халқының Дешті-Қыпшақта болып жатқан уақиғалардан хабарсыз еместігіне ешбір мін келтіруге болмайды. XIII-XV ғасырда бұл байланыстар – Ресейдің ноғайлар мен татарлар арасындағы байланыстары ретінде белгілі болды. Ал қазақ хандығы құрылғаннан кейін көп ұзамай-ақ екі ел ортасында дипломатиялық, саяси және шаруашылық қатынастар орнай бастады.

Қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайы Қасым хан тұсында (1511-1523) едәуір нығая түскен болатын. Мұның өзі Қазақстанның көршілес елдерімен байланысын нығайтуға және оның халықаралық беделін көтеруге бірден-бір себеп болды. Сол кездегі Қасым ханның қол астындағы жерлер орыс мемлекетінің территориясымен тікелей шектеспесе де, оның шекараларына жақындап қалды.

Қазақстан мен Ресей арасындағы ең алғашқы байланыстар осы кезеңде жасала бастады. Осындай дипломатиялық қатынастардың болғандығын 1575-1584 жылдары жүргізілген патша архивінің тізімдерінде былай көрсетіледі, 38 жәшікте Қасымханның тұсындағы қазақ кітаптарының көшірмелері бар.

Бұл Қасым ханның патша үкіметімен дипломатиялық хат жазулары болса керек. Архив материалдарының табылмауы салдарынан, орыс мемлекеті және қазақ хандығының алғашқы келіссөздері қандай мәселелер жайында болғандығы және олардың немен аяқталғандығы осы күнге дейін

беймәлім. Тек Қасым хан өлгеннен кейін де патша үкіметі қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайымен айналысуын тоқтатпаған.

XVI ғасырдан бастап Батыс Европа жұртшылығының Орта Азия мен Қазақстан жөніндегі мағлұматы түрлі тапсырмалармен Ресейге барып қайтқан және Индия мен Қытайға орыс жері арқылы қысқа жол іздеген сан мамандық иелерінің күнделіктерімен толықтырып кеңі түсті.

Әрине, пайда мен оңай олжа көздерін іздей, ел кезген шала сауатты көпестерден, білімді сол кездегі ғылымның әр саласынан хабары бар дипломаттардың еңбектері Батыс пен Шығысты таныстыруда үлкен роль атқарды.

Соңғыларының ішінде Австриялық дипломат барон Сигизмунд Герберштейннің (1486-1566) Москва істері жөніндегі күнделігі ерекше орын алады, оның бұл еңбегі 1517, 1526 жылдары I Максимилианның дипломатиялық миссияларының басшысы ретінде Ресейге барған сапарында салынған мәліметтері негізінде жазылды. Ол өзінің бір шығармасында, мен өз отанымда кездесетін дағдылы нәрселерді, жақсылықты да, жамандықты да барлық жерлерде кездестірдім десем дұрыс айтқан болар едім, сондықтан да, еш халық жөнінде де арыз айта алмаймын, - деп жазды [1]. С.Герберштейн Қасым хан тұсындағы қазақ хандығы туралы алғаш Батыс Европаға мәлімдеді. Оның күнделігінде Батыс Сібір сипатталған. Көшім тұсындағы Сібір хандығы, Ноғай ордасы, қазақтардың территориясы, антропологиясы, орыстар мен қарым-қатынасы туралы мәліметтер берілген. Азиялық саудагерлер мен орыстардың Каспий теңізі мен Еділ өзені арқылы Москваға дейін жеткізетін дәстүрлі сауда жолын атап көрсетті.

Ресейдің Орта Азия және Шығыс мемлекеттерімен сауда-саттық жасайтын керуен жолдары Қазақстан территориясы арқылы өтетін. Сондықтан да орыс мемлекетінің Қазақстанмен достық қарым-қатынаста болуға талпынуы табиғи нәрсе. Бұл мәселені Қасымбаев Ж.К., Басин В.Я., Струве т.б. тарихшылар өз еңбектерінде дәлелдеді, мысалдармен келтірді.

Қазақ-орыс қарым-қатынастарын жандандырудың басты құралы ретінде негізгі роль атқарған екі ел арасындағы сауда қарым-қатынастары болуы [2]. Сауда арқылы Ресейдің патша үкіметі шығыс елдеріне жіберілген өз елшілерімен Қазақстанның Орта Азиялық халықтарымен қарым-қатынасын, оның ішкі жағдайын тексеруді өте-мөте талап етеді. Мұның өзі орыс елшілерінің өз миссиялары жөніндегі күнделіктерінде қазақ хандығының көршілес елдерімен байланысты, әскери жағдайы туралы жазылған мәліметтерінен көрінеді.

Мәселен 1534 жылы ноғайларға жіберілген орыс елшісі Данила Губин қазақ жастарының күштілігі, олардың Ташкент қаласы үшін соғысып, жеңіске жеткендігі туралы патша IV Иванға хабарлаған [3]. Сол елшінің мәліметіне қарағанда қазақ хандығының Сібір хандығы тарапынан болып

жатқан шабуылдарды қару күшімен болса да тоқтатуға әзір екендігін атап көрсеткен.

Қазақ хандығының Ноғай ордасымен қарым-қатынастары туралы, осы елдің ортасында болған соғыстар, қақтығысулар жөнінде орыс елшілері Семен Мальцев, Борис Домажировтар өз үкіметіне тәптіштеп жеткізген.

Қазақстан мен Ресей арасындағы саяси қатынастар XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап жандана бастады. Осы кезде орыс мемлекеті Қазан хандығы мен Астрахань хандығын өзіне қаратқан болатын. Екінші жағынан Хақназар билеген қазақ хандығының да территориясы ұлғайып, Ресей мен Қазақстанның шекарасы жақындай түсіп, екі мемлекеттің экономикалық және саяси байланысының күшеюіне жағдай жасала бастағанды. Хақназар тұсындағы қазақ хандығының батысқа қарай ұлғаюына Ноғай ордасының іштей әлсіреуі, Астрахань хандығының құлауы себеп болды. XVI ғасырдың 50 жылдарында қатты күйзелушілікке ұшыраған Ноғай ордасының іштей әлсіреуі, ағылшын көпесі, әрі Москва үкіметінің агенті Дженкинсонға қаңыраған әлсіз дала сияқты көрінген. 1573 жылы орыс патшасы Иван Грозный қазақ ханы Хақназарға өзінің алғашқы елшісі Третьяк Чебуковты жіберді. Орыс елшісінің алдында қазақ хандығымен тығыз байланыс жасау міндеті ғана емес, сонымен бірге қазақ ханы Хақназарды Сібір хандығының ханы Көшімге қарсы әскери одақ жасауға көндіру мақсаты да қойылған болатын. Бірақ бұл елшілік сәтсіз аяқталды. Себебі, орыс елшісі Третьяк Чебуковты Көшім ханының туысқаны Мәмбетқұл тұтқынға алып, қазақ хандығына өткізбей қояды. Өйткені, Сібір ханы Көшім Хақназардың орыс мемлекетімен одақ құрып, күшейіп кетуінен қауіптенетін. Сөйтіп, Қазақстан мен Ресейдің әскери одақ құрудағы бірінші дипломатиялық қадамы нәтижесіз аяқталды. Орыс елшілігінің бірінші сәтсіздігі Қазақстан мен Ресей арасындағы дипломатиялық қатынастарды тоқтата алмады.

Орыс мемлекетінің Қазақстанмен берік байланыста болуы – Орта Азия мен Шығыс елдеріне, әрі қауіпсіз жол ашты. Мұның өзі Ресейдің қазақ хандығымен тікелей екі жаққа тиімді сауда жүргізуіне қолайлы жағдай туғызды. Мәселен, орыс патшасы IV Иван 1574 жылы Кама бойының біраз жерлерін билеген Строгоновтар әулетіне қазақтармен емін-еркін сауда жасауға грамота қағаз берді. Бұл документтің мәліметтеріне қарағанда, қазақ саудасының басты саласы жылқы болған. Строгоновтарға берілген грамота қағазды Қазақстаннан, Бұқарадан келген саудагерлермен олардың баж салығынсыз сауда жасауына патшаның ризалығы мен рұқсаты берілген [4]. Мұндағы негізгі көздеген мақсат, қайткен күнде де қазақ даласымен қатынасты үзбеу болатын.

Ресейдің алға қойған негізгі мақсаттарының бірі өзін Орта Азия және басқа да шығыс мемлекеттермен байланыстыратын, қазақ даласы арқылы өтетін, сауда жолдарының қауіпсіздігін сақтау еді. Осыны іске асыру

жолында Қазақстан мен Ресей арасындағы байланысты нығайтуда бірнеше шараларды іске асырды.

Ресей үкіметі өздерінің тарапынан жіберілген елшілеріне (Қазақстанмен көршілес елдерге) қазақ даласындағы жағдайды жан-жақты анықтауды тапсырып отырған, яғни қазақтардың сыртқы саясаты, қазақ елі шын мәнінде тәуелсіз ел ме, әлде біреулердің вассалы ма? Қоластында ма, бағынышты ма? Орта Азия хандықтарымен қарым-қатынасы қалай т.б. Ресей елшілерінің өз мәліметтеріне (статейных списках) қазақ хандығының әскери жағдайына басты назар аударуы тегін емес [5].

“Азияны терең зерттеп, танып, білуге деген құштарлық Ресей елшілерінің міндеттерінен анық байқалады, - деп жазды Н.И.Веселовский, - олар елшіліктен оралғанда өздері барып қайтқан елдер жайында нақты есеп беріп отырды. Оған қоса елшіні белгілі бір елге жібермес бұрын оны алдыңғы елшінің сол ел туралы қандай мәселелерді зерттегенін, неге қол жеткізгенімен таныстырып отырған [6].

Ресей мен Қазақстанның сауда-саттық байланысы түзелгеннен кейін екі елдің арасындағы саяси байланыстары да жақсара бастаған. 70-ші жылдардың аяғында қазақ ханы Хакназар өзінің “патшамен, ұлы князьбен тату екенін” айтқан.

Бірақ осы сауда және саяси қарым-қатынастардың одан әрі өркендеуіне Сібір хандығы көп тосқауыл жасады. XVI ғасырдың 70 жылдарында Ресей мен Сібір хандығының өзара қатынастары шиеленіске түскен кез болатын. Сондықтан да Ресей үкіметі Сібір хандығына қарсы күреске сенімді одақтас іздей бастады. Дәл осындай одақтас, орыс үкіметінің ойлауынша Қазақ хандығы болатын.

Алайда осы жылы яғни 1594 жылы Тәуекел хан Мәскеуге бірінші рет қазақ елшісін жіберген еді. Елші болып Құлмұхаммед барды. Осы елшілікке келгендегі Құлмұхаммедтің мақсаты 1580 жылы Көшім хан тұсында аманат ретінде ұсталып қалған Тәуекел ханның жиені Оразмұхамедті босату еді.

Сондай-ақ, орыс патшасына қазақтар туралы мәліметтер беру еді. Ол мәліметтерді қазақ елшілері орыс патшасына былай деп жеткізді. “Дәл қазіргі кезде біз Бұхар хандығы мен және Сібір ханымен одақтас отырмыз. Егер орыс патшасы көмек беретін болса, Бұхар хандығымен одақты бұзып, Сырдария қалалары үшін күрес жүргізсек пе дейміз” – деді. Сөйтіп орыс патшасы Қазақ хандығының осы қойылған шартын қабыл алып, 1595 жылы март айында қазақ елшілеріне орыс патшасының жауап грамотасын тапсырды. Ол грамотада қазақ хандары мен сұлтандарына отты қаруы бар көп әскер жіберетініне және қазақтарды олардың барлық жауларынан сақтайтынына уәде берген еді. 1594 жылы орыс мемлекеті Қазақстан арқылы Сібір мен байланыс жасау әрекетіне кірісті. Осы мезгілде Сертос саласы Тары өзенінің бойында оңтүстікке көшіп кеткен Көшім ханның Тобольск бекінісіне жасаған шабуылдарын тоқтату мақсатымен Тары қаласы салынған

болатын. Бұл уақытта орыстар Ертіс өзенін бойлап едәуір алға жылжығанды. Олар Ямыш көліне дейін келіп, кішкене кемелермен тұз алып кетіп отырған. Тарихи кішкене қайықтардан құралған керуендерге Ертіспен жоғары өрлеп Қазақстанға, ал Орта Азия елдерінің сауда керуендері Ертіс бойы жағалып Сібірге барып, бұл жерде олар өздерімен бірге алып келген мата, кептірілген жеміс т.б. товарларын астыққа, ақ терілеріне айырбастап, кейін қайтатын болған. Ал, Тобольскіден шығатын сауда жолы Орта Азияға қарай Ертіс, Есіл өзендері арқылы өтіп, одан әрі Ұлытаудан Сарысу өзенін бойлап Түркістан қаласына дейін баратын. Бұл жерден Сырдария өзені арқылы Бұхараға барып тірелетін [7].

Орта Азия халықтарымен тиімді байланыстарын одан әрі кеңейтуде қауіп-қатерсіз тұруында Қазақстанның шешуші роль атқаратынын жақсы түсінетін. Сондықтан Ресей үкіметі Қазақстанмен тату тұруға тырысты. Қарастырып отырған тарихи кезеңде Ресейден Қазақстанға дипломатиялық миссия мен топтар ағылып жатты, ал қайтарда олар көп мөлшерде товар тиелген көпестік керуендермен қайтатын еді. Егер XVI ғасырда елші-сауда керуендері Москвада ғана қабылданатын болса, XVII ғасырда және одан кейінгі уақыттарда Саратов, Қазан, Ярослав, Тобольск сияқты ірі сауда орталығында қабылданатын болды.

Орыс мемлекеті Қазақстанмен арадағы дипломатиялық байланыста сауда қарым-қатынастарына басты назар аударды. Себебі Орта Азия хандықтарына Қазақстан арқылы өтетін транзитті сауда керуендерінің қауіпсіздігін сақтау қажет болды. Осы мақсатта орыс үкіметі Қазақстанмен сауда, экономика, саясат жағынан, бір сөзбен айтқанда жан-жақты байланыстарды қалыптастырып нығайтуға бар айла-тәсілін күш-жігерін жұмсады.

Осылай бірін-бірі жалғастырған орыс елшілері қазақ даласына ағыла бастады. Ресей сияқты өз кезегінде қазақ хандары да сауда қатынастарының дамуына мүдделі болды. 1687 жылы Ресейге елші жібере отырып Тәуке хан былай деп жазды: “Подданным людям подобно покой, и послы и торговые люди меж нами ездили, добрая, слова меж нами хорошая будет”[8].

1697 жылы Тәуке хан Тобольскіге Ташиле батырды жіберді, ондағы мақсаты ондағы орыс көпестерін шақырту еді. Ресей мен Қазақстан арасындағы сауда қарым-қатынастарының нығаюына әсерін тигізген біріншіден XVII ғасырдың аяғындағы Сібір қалалары: Тюменск, Тобольск, Верхотуры, Тары және Томскінің салынуымен байланысты болса, екіншіден Омск (1716ж.), Железинск (1717ж.), Семипалатинск (1718ж.), одан кейінірек Усть-Каменогорск тағы басқаларының салынуына байланысты болды.

I-ші Петр қайтыс болғаннан соң қазақ хандарымен келіссөз үзілді де XVIII ғасырдың басында Қазақстан мен орыс мемлекеті арасында саяси дипломатиялық және басқа да қарым-қатынастардың біраз әлсіреуін байқауға болады. Себебі, XVIII ғасырдың бас кезіндегі Ресей мемлекетінің ішкі жағдайының шиеленісуіне байланысты болатын. Ал, қазақ хандығы жиі-жиі жоңғария шапқыншылықтарына ұшырап отырды. Сөйтіп өздерінің ішкі жағдайларының қамын ойлаған екі мемлекет те белгілі бір уақыт ішінде

сыртқы саяси байланыстарға баса көңіл аударма алмаған болуы ықтимал. Сөз жоқ Қазақстан мен Ресейдің саяси қатынастарының әлсіреуін тек осы фактімен түсіндіру дұрыс болмас еді. Бұл қатынастардың әлсіреуіне екінші жағынан, торғауыт-қалмақтардың батысқа қарай жылжуы да әсерін тигізді. Олардың жайлаулары жаздыгүні Ырғыз, Елек және Жем өзендерінің бойларында болатын. Ал, қыс айларында Жайық өзенінен Самара өзенінің жоғарғы жақтарына барып қыстайды. Осы жерлерді қалмақтардың басып алуы себепті құрғақ жолдың жабылуы, сөз жоқ қазақ – орыс елшілік қатынастарының одан әрі нығаюына уақытша болса да кедергі жасаған.

Алайда бұл жағдайлар Қазақстан мен Ресей арасындағы саяси дипломатиялық байланыстарды мүлдем үзе алған жоқ. Сауда және саяси байланыстар қайта қалыптасып дами берді. Қазақ-орыс қатынастарын дамытуда, орыс үкіметі мен қазақ билеушілерінің арасында тікелей саяси байланыстар орнатуда елшілік едәуір роль атқарды [9]. Ресей мен Қазақстан арасындағы қатынастардың дамуына себеп болған жағдайлардың бірі- Жоңғар феодалдарының агрессияшыл пиғылдары болды.

Ал енді, Тәуке ханның қазақ-орыс байланыстарын нығайтуға бағытталған қызметіне назар аударалық. Алайда қазақ ақсүйектері оның бұл мақсатқа қазақ феодалдарымен М.Трошиннің 1694 жылғы елшілігі табысқа жете алмады, бұл елшілік тұтқындағы орыстарды қайтару және шекарадағы жанжалдарды тоқтату туралы талап қоюды мақсат тұтқан еді [10]. Бұған қарамастан Тәуке хан өзінің саясатында орыстар мен қазақтардың жақындасуы үшін табандылықпен көптеген әрекеттер жасады. 1686-93 жылдарда Сібірге 5 рет елшілік жіберді.

XVII ғасырдың аяғында орыс-қазақ қатынастарының нығаюына Ресей жағы да қазақ ханы Тәукеден және оның төңірегіндегілерден кем мүдделі болған жоқ. Ресей үкіметіне қазақтардың ықпалын нығайтуда нақты, қажетті алғы шарттар жасау үшін өз тылын нығайтып, шекарасын жоңғарлардың шапқыншылығынан қауіпсіздендіру керек болды.

Жоңғар шапқыншылығының жиілеуіне байланысты Ресеймен қарым-қатынасты жақсарту, XVIII ғасырдың басынан бастап қазақ хандарының өміріндегі міндетке айналды. Осы кезеңде Ресей мен Қазақстан аралығында елшілердің барып келуі жиіледі. Осы елшіліктердің қызметі нәтижесінде Ресей әкімдері мен қазақ билеушілері арасында жоңғарға қарсы бірлесіп күресу туралы келісімге нақты мүмкіндік туды. Бірсыпыра жағдайларға байланысты қазақ хандарымен жүргізілген келіссөздердің бірде-бірі аяғына дейін жеткізілмеді, бірақ мұндай келіссөздердің жүргізілуі екі жақтың да оған мүдделі болуы қаншалықты маңызды болғанын білдіреді.

Қазақтар үшін Ресеймен жақындасудың қажеттігі саяси жағынан қарағанда сыртқы шабуылдан қорғану әрі экономикалық қатынасты дамыту мәселесіне байланысты еді. Патша үкіметі Орта Азия қалалары мен Сібір ортасындағы керуен жолдары билеп тұрған қазақ хандығы Тәукемен байланысты күшейтуге әрекет жасаған. Тәуке де орыс мемлекетімен достық қарым-қатынастарда болуды тілеген. Өйткені қазақ билеушілері Орта Азия халықтары мен Сібір ортасындағы Түркістан және Сауран сияқты керуен

жолдарындағы маңызды қалаларды билеп, одан көп пайда түсіріп отырған. Оның үстіне қазақтардың сататын малы үшін Сібір таптырмайтын айырбас сауда орны болып есептеледі.

Тәуке хан мен Ресей елшілік қатынастарды нығайта беру мақсатымен 1669 жылы өз елшісінен орыс патшасына сыйлық ретінде ат беріп жіберген. Қазақ елшісі құрметпен қабылданып, орыс елшілері Шапошников және Назир Надировпен бірге қайта оралды. Орыс елшілері Түркістанға тоқтап, Тәуке ханмен кездесуге және орыс патшасының оған жіберген грамота қағазымен сыйлығын тапсыруға тиісті болды. Олар осы тапсырманы орындағаннан кейін қазақ хандарының астанасы Түркістан қаласынан Бұқараға аттанды. Онда екі ай болып оралғанда Тәуке өзінің Тұғынай, Қарашай деген елшілерін оларға қосып, Сібірге аттандырған. Қазақ елшілері орыс патшасының атына жазылған хат және оған арналған садақ, жібек көздеме, т.б. сыйлықтар ұсынған. Осы қатынастардың табиғи жалғасы болып табылатын XVII ғасырдың 90-шы жылдарындағы екі ел арасындағы елшілік байланыстар туралы бірер сөз. Сол кездегі елшіліктердің өзі бір жағынан, сауда саттықпен айналысқанын байқауға болады. Басқаша айтқанда мұндай елшіліктер кішігірім сауда керуені десе де болғандай. Мәселен, осы ретте қазақ елшісімен бірге түркістандық саудагер Елсейіт Шүкіров те келген. (қазақ елшісі 1694 жылы қазанда Тәуке хан Ресейге жіберген Қолтубай Аталықов). Бұл екеуі алып келген төрт тең сауда жүктің ішінде бұхаралық маталар, әр түрлі кездемелер болған. Жалпы сол кездегі елшіліктерге сауда керуендерінің ілесе жүруі де тіпті жиі кездеседі. Бұл салт сол елшілікті жіберген елдің көршісімен достық қарым-қатынаста екендігін растайтын белгісі болса керек. Орыс елшілігінің Федор Скибин мен Матвей Трошиндер басқарған. Олар екі жарым мың километрдей жол жүріп, Тәуке ханның ордасы Түркістан қаласында болып, онымен келіссөздер жүргізілген. Бұл келіссөздердің мақсаты Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынастарын жақсарту және екі елдің арасындағы дипломатиялық байланыстарды нығайту болатын. Орыс үкіметі өз елшілері арқылы Тәуке ханға қазақ феодалдарының орыс мекендеріне шабуыл жасауын тыю туралы талап қойғанда, Тәуке хан орыс селендеріне шабуыл жасап жүргендерінің хан ордасынан алыстағы рулардың өкілдері екендігін, оларға тыйым салу қолынан келмейтіндігін айтқан. Ал енді орыс мемлекетімен алдағы болатын қарым-қатынас мәселесін Тәуке хан билердің кеңесіне салғанда, олардың көбісі Ресеймен соғысуды қолдап шыққан. Қазақ шонжарлары Ресеймен бейбіт қатынаста болудың екі ел үшін де тиімділігін түсінгендіктен орыс елшілері Ф.Скибин мен М.Трошинді соғыс тұтқындары ретінде Түркістан қаласында қалдырған. Тәуке хан бұл істің қолайсыздығын түсінген болу керек, әйтпесе Трошин мен Скибиннің оп-оңай Бұхараға қашып кетуін түсіндіру қиын-ақ. Олар 1697 жылы аман-есен Тобольск қаласына қайта оралған. Жоғарыда айтылған елшіліктің Ресей мен Қазақстан арасында болған дипломатиялық қатынастар тарихынан айтарлықтай орын алатынын айтпағанның өзінде, оның XVIII ғасырдағы қазақ хандығының экономикалық шаруашылық тарихының зерттеудегі маңызы да үлкен. Мәселен, Скибин мен Трошиннің келтірген

мәліметтеріне қарағанда, қазақтар тек қана көшпелі мал шаруашылығымен емес, сонымен бірге егін шаруашылығымен де айналысқан, отырықшылық тұрмыста болған. Бұлардың айтуынша қалалар да болған, олардың бәрі Түркістанмен іргелес жатқан. “Қазақ ордасының қалалары Түркістанның төңірегінде, олардың бірі екіншісіне көрініп тұрады”, - дейді Скибин. Оның айтуынша Қазақстан территориясында сол кездің өзінде 20-дан 32-ге дейін қала болған. Осы мәліметтерді тағы бір орыс елшісі Василий Кобяков та растайды. Бұл елші Тәуке ханға қазақ феодалдарының орыс селендеріне жасаған шабуылдарының себебін білуге жіберілген-ді. Оның айтуынша Тәуке ханның даласында 25 қала болған, олардың барлығы күйдірілмеген кірпіштен салынған. В.Кобьяков Тәуке ханның әскері 80000 шамасындай екенін және мұның үстіне 6000-дай қарақалпақ қолының қосылатыны жөнінде айтылады. Соған қарағанда, қарақалпақтардың Тәуке ханға тәуелді болғандығын аңғару қиын емес. В.Кобьяков қазақтардың бидай, арпа және тары өсіруімен айналысатыны туралы да деректер келтіреді. Қазақтарда ірі қараның аз, қой мен жылқының көп екендігін орыс елшісі дұрыс байқаған. Сонымен, Қазақстанда болған орыс елшілерінің тарихын зерттеуде тек олардың саяси қарым-қатынастардың нығайтудағы роліне ғана тоқталуы жеткіліксіз. Қазақстанда болған кезінің олардың байқауларында, мәліметтерінде қазақ тарихы үшін аса құнды және сирек кездесетін дерек бар. Осы жағынан да болса көңіл аударған жөн. Е.Кобьяковтың деректері қазақ хандығымен Орта Азия хандықтарының арасындағы тығыз сауда қатынастары Түркістан қаласының Ресей мен Бұқар, Хиуа ортасындағы елеулі транзиттік ролі, қазақ шонжарларының осы сауданы бақылап, одан түсіретін пайдасы және басқа көптеген мәселелер туралы құнды мәліметтер берді. Осы қатынастардың нәтижесінде Қазақстан Россияға ғана емес, басқа Европа елдеріне де мәлім болды.

Қазақстандағы географиялық зерттеу ісіне елшілердің атқарған қызметі айтарлықтай. Мәселен, Скибин мен М.Трошиннің атқарған қызметі, олардың мәліметтеріне сүйеніп, XVII ғасырдың соңында карта жасалынды. Бұл картаға Скибин мен Трошин бастаған елшіліктің Тобольскіден Түркістанға дейін жүрген жолы кірген. Осы картаның негізінде 1701 жылы Семен Ремезов өзінің “Чертежная книга Сибири” атты еңбегін жасады. Бұл кітапта қазақтың үш жүзінің де территориясы көрсетілген.

XVII ғасырдың аяғына дейін болған қазақ-орыс саяси қатынастарының жалпы шолуын бере отырып, одан шығатын қорытындыларға тоқтала кетейік. Біріншіден, Қазақстан мен Ресей арасындағы тарихи қатынастар ілгеріден басталып, мейлі дипломатиялық, мейлі шаруашылық немесе сауда - саттық түрде болсын, барлық жағдайда, әр кезеңде үзілместен сақталып отырған

Екіншіден, XVII ғасырдағы елшілік қатынастар Қазақстан мен Ресейдің саяси экономикалық байланыстарының нығаюына ықпал етіп, екі ел бірін-бірі шаруашылық саяси-әлеуметтік және географиялық жағынан таныған.

Әдебиеттер:

- 1.Әбдіров М. Сібір ханы Көшім.«Қазақстан тарихы» журналы.1964.№4.61 б.
- 2.Есмағанбетов К. Көне Қазақстанды көргендер. А,1979.76 б.
- 3.Касымбаев Ж.К. “Под надежную защиту России” А, 1986.С.78.
- 4.Левшин А.И. “Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей”. А,1996.С.47.
- 5.Летописи Сибирские. Новосибирск,1991.С.69-71.
- 6.Басин В.Я. Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв. А,1971.С.84.
- 7.Қазақстан тарихы. II том.А,1998. 449 б.
- 8.Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. (Сборник документов и материалов) А,1961.С.5.
- 9.Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. (Сборник документов и материалов) А,1961.С.15.
- 10.Қазақ Совет энциклопедиясы. А,1980.185 б.